«Б.БЕЙСЕКБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯСЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ШАҒЫН ОРТАЛЫҒЫМЕН» МКМ

БҰЙРЫҚ №107

«01» ҚЫРКҮЙЕК 2026 жыл №107

Бақанас ауылы

«Тегін ыстық тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 «Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және оны жүзеге асыруға байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, білім алушыларды әлеуметтік қолдау және мектепте тегін ыстық тамақтандыруды сапалы ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026–2027 оқу жылында мектеп оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы ұйымдастырылсын. Тегін тамақтандыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізілсін.

2. 1–4 сынып білім алушыларының тегін ыстық тамақпен толық қамтылуы қамтамасыз етілсін.

3. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тегін тамақтануға құқығы бар 5–11 сынып білім алушыларының тізімі әлеуметтік жағдайына қарай нақтыланып, бекітілсін және тамақтандырумен қамтамасыз етілсін.

4. Әлеуметтік педагог Саденова Т.Б тегін тамақтануға жататын білім алушылардың тізімін қалыптастыруды, әлеуметтік санаттарын нақтылауды және өзгерістер болған жағдайда тізімді уақытылы жаңартуды қамтамасыз етсін.

5. Мектеп асханасының жауапты қызметкері Момынкулова Г білім алушыларды бекітілген кестеге сәйкес ыстық тамақпен қамтамасыз етуді, тағамдардың сапасы мен мөлшерінің талапқа сай болуын қадағаласын.

6. Мектептің медицина қызметкері Бекбосын Қ тағамдардың сапасына, ас блогындағы санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына, дайын тағамның температурасы мен сапасына күнделікті бақылау жүргізсін.

7. Мектептің бракераж комиссиясы дайын тағамдардың сапасын, азық-түліктің сақталуын, ас мәзірінің орындалуын белгіленген тәртіппен бақылап отырсын және нәтижесін бракераж журналына тіркесін.

8. Оқушылардың тегін ыстық тамақтануына бекітілген төрт апталық перспективалық ас мәзірі басшылыққа алынсын. Ас мәзіріне өзгерістер енгізу қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылсын.

9. Оқушылар тамақтанатын орындарда санитариялық талаптардың сақталуы, тыйым салынған тағамдар мен сусындардың берілмеуі, сондай-ақ тамақтану қауіпсіздігі қатаң бақылауда ұсталсын.

10. Сынып жетекшілері өз сыныптарындағы тегін тамақтанатын білім алушылардың күнделікті тамақтануға қатысуын бақылап, себепсіз тамақтанбау жағдайлары туралы жауапты тұлғаға хабарласын.

11. Тегін тамақтандыру бойынша қажетті құжаттар, күнделікті қатысу есебі, ас мәзірі, бракераж журналы және өзге де бақылау құжаттары белгіленген тәртіппен жүргізілсін.

12. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау және басшылық жасауды өзіме қалдырамын..

Мектеп директоры: _____ / Халыкова А.М

Бұйрықпен таныстым:

Саденова Т.Б / _____ /

Момынкулова Г / _____ /

Бекбосын К / _____ /